ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№ 8 (1302), қазан, 2001 жыл



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

Жас толқын -2001

## АЙДАЙ СҰЛУ - АЙ САНА

Өскеменде 12-13 қазан аралығында “Жас толқын” атты I Республикалық студенттік жастар фестивалінің болып өткені белгілі. Фестиваль: халық және эстрадалық әндер, би конкурсы, ақындар айтысы, “Жас толқын” аруы секілді бес номинация бойынша өткізілген болатын.

Қазақстан Республикасының әр аймағынан жиналған дарынды да талантты, өнерлі студенттер арасында соңғы номинация “Жас толқын” аруына Алматы қаласының атынан қатысқан ҚазҰУ-дің студенті Шандыбаева Сана Жеткербайқызы Гран-Приді жеңіп алып, 1-ші дәрежелі Дипломмен марапатталды.

Студенттер сарайында 17-қазанда өткен жас ақындар айтысының ашылу салтанатында сөз сөйлеген университетіміздің ректоры, профессор Т.Ә.Қожамқұлов ару қызымызды үлкен жеңісімен арнайы құттықтап, мақтау қағазын тапсырды.

Айман ҚҰЛПАТШАЕВА

“Менің Шығыс Қазақстанда жүуым алғаш рет емес, - деп бастады әңгімесін ару қызымыз. - Мектеп қабырғасында жүргенімде Республикалық Олимпиадаға “Қазақстан тарихы” пәнінен барған болатынмын. Яғни, Өскеменге бұл екінші мәрте жолымның түсуі еді. Маған Өскемен жерінің тазалығы қатты ұнады. Сонымен қатар, Өскемен әсіресе, түнде ерекше сұлулана түседі екен. Өкініштісі сол, қаланы уақытымның болмауына байланысты еркін аралап, қыдыра алмадым.

Негізінен Фестивальдағы “Жас Толқын” аруы мынадай талаптардан тұрды: өзін-өзі таныстыру, Қазақстанның тарихы мен мәдениеті жайында сұрақ-жауап, киім көрсету (дефелье), өз өнерін көрсету және кешкі киім үлгісін көрсету болды. Мен осы талаптардың ішінде таныстыру мен сұрақ-жауапқа көп қобалжыдым. Неге десеңіз, көңіл-күйім қатты толқып тұрғандықтан сахнада таныстыру шартындағы өлең сөздерін (қаншалықты жаттап алдым дегеніммен) ұмытып қалмас па екем деген сенімсіз ой болатын болса, сұрақ-жауап кезінде бағыма қандай сұрақтың тап боларын ойлап, іштей сұрапыл күй кештім. Ал, өз өнерімді көрсетер тұста халық күйі “Секіртпені” орындадым. Домбыра тартуды N128-інші мектепте оқып жүргенімде домбыра үйірмесіне қатысып, сонда үйренген болатынмын”.

N128-інші мектептің 8-класын аяқтаған соң, Сана Қазақ-түрік лицейіне емтихан тапсырады. Мектепті Алтын белгімен бітіргеннен кейін, таңдауы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Экономика және құқық институтының орыс бөліміне оқуға түседі. 2-курста оқып жүргенінде ҚазҰУ аралық “Қыз сыны” байқауына (14.05.01.) қатысып, 1-ші орынды иеленеді. Алматыда 6-маусымда (2001 жылы) өткен қалалық “Жас Толқын” аруына қатысып, “Жас Толқын аруы” атағын алады. Ал Өскемендегі “Жас Толқын” аруының республикалық фестивалінде “Жас Толқын” аруының Гран-При жүлдесін жеңіп алды.

“Фестивальдің студенттер арасында өткізілгені өте қуанарлық жайт,- деп жалғастырды ол өз әңгімесін, - Алматыдан ҚазҰУ-дің Тіл және тәрбие мәселелері жөніндегі проректорының орынбасары Гүлнәр Әлібекқызы басшы болып жолға шыққан топ өте көңілді жеттік. Поезда да өзімізбен сапарлас талантты жастарды көргенде кәдімгідей марқайып қалғандай болдық. Соның айғағы ретінде ақындар айтысы номинациясы бойынша бара жатқан жігіттер сол арада өлең шығарып, ән айтып, әзіл өлеңдерімен көңілімізді көтерді. Өскеменге жеткеннен кейін де барлық жағдайымыз жасалып, бізді жақсы күтіп, шығарып салды.

Фестивальға қатысқан арулардың бәрі де бірінен бірі өткен өте әдемі, өте сұлу қыздар. Әрқайсысының көңіліндегі “бағым болып, озып шықсам екен!” деген секілді сөздерді жаудыраған көздерінен көруге де болардықтай. Осыншама көп сұлулардың арасында менің әділ қазылар алқасы назарына ілігуіме бірден-бір себеп болғаны, әкемнің өтінішіне қарай кеспей өсірген шашым болса керек.

Фестиваль аяқталардағы менен қолтаңба қалдыруымды сұрап қиылған жастарды көргенімде қуанған үстіне қуана түстім”.

Сананың қазір халықаралық қатынастар факультетінің орыс бөлімінде оқитынына қарамастан, өз ана тілін шексіз сүйетінін фестиваль талаптарын (фестиваль екі тілде қатар өткізілгенімен) қазақ тілінде орындап шыққанынан байқауға болады. Тілдік қоры жөнінен қазақ, орыс, түрік және ағылшын тілдерін еркін меңгеруі Сананың сыртқы сұлулығы мен ішкі жан сұлулығының тамырын тереңдете түскендей. Айдай сұлу - ай Санаға тілеріміз, бұдан да биік белестерге көтеріле бер демекпіз!



Сана Жеткербайқызы ШАНДЫБАЕВА

*1981 жылдың 28 қазанында туған. Жылы - қой, жұлдызы - сарышаян. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетінде оқиды.*

Төл мұраға құрмет

### АЙТЫС АЗАТТЫҚҚА АРНАЛДЫ

2-бет

Тақ пен тәж

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өзінің құрылымдық жағынан анау-мынау министрліктен кем түспейтін алып та киелі білім ордасы. Оның басшылық қызметі соңғы кездері жаңа есімдермен толығуда...*

3-бет

Қайрау



### ҰЛТТЫҢ АДАСҚАН ҰЛДАРЫ ҚАЙТЫП ОРАЛДЫ МА?

4-бет

Советы первокурсникам

### В НАЧАЛЕ БОЛЬШОГО ПУТИ



5-бет

Руханият

### Топырағыңнан жерісең тамырсыз қаларсың

Өмірдің қарама-қайшылыққа толы екені рас. Тарығуды ала келгендей болып көрінген нарық заманына үйреніce алмағандар кеңестік жүйенің кеңдігін айтып мұң шақты. Бір себептен оныcын кіналауға болмайтын, өйткені олар сол кезеңнің төл баласы еді. Тарих қайта қаралып, кейінгі ұрпақ ол кездің олқылықтарымен таныса бастады.

6-бет





## РЕКТОРАТ

*Қазанның 9-ы күні өткен Ректорат мәжілісінде университет ректоры Т.Ә.Қожамқұловтың университеттің штаттық кестесіне құрылымдық өзгерістер енгізу жөніндегі хабарламасы тыңдалды. Оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор, профессор Ж.Д.Дәдебаев 2000-2001 оқу жылының жазғы емтихан сессияларының нәтижелері жөнінде, Жалпы және өндірістік-шаруашылық мәселелері жөніндегі проректор С.Т.Шалғымбаев факультет декандарына, деканның орынбасарларына және деканаттардың оқу-көмекші персоналдарына еңбекақы төлеу нормативтерін бекіту жөнінде баяндамалар жасады.*

## ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

*Қыркүйек айының 25-інші жұлдызында Ғылыми кеңес мәжілісі болып өтті. Мұнда университет ректоры Т.Ә.Қожамқұлов өткен оқу жылының нәтижелері және алдағы оқу жылындағы университет ұжымының міндеттері жөнінде баяндама жасады. Сондай-ақ, қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Қ.Алпысбаевтың және университет оқу-әдістемелік басқармасының магистратура бойынша бастығы А.Ережеповтің жаңа оқу жылындағы бакалавриат және магистратураға қабылдау қорытындылары жөніндегі есепті баяндамалары тыңдалды.*



Студенттер сарайында қазанның 17-күні еліміз тәуелсіздігінің он жылдығына арналған университет ақындарының айтысы болып өтті. Айтыстың басталар сәтінде университет ректоры, профессор Т.Ә.Қожамқұлов құттықтау сөз сөйлеп, сайысқа түскелі тұрған жас ақындарға сәт сапар тіледі.

## Төл мұраға құрмет

Арғыңғалилардың жыр шумақтарын көпшілік қауым ықыласпен қабылдады.

***ҚазҰУ-дің ректоры өнерлі жастарға алдағы уақытта да моральдық және материалдық көмек көрсетіліп тұратынын айта келіп, ақысыз оқуға арналған ҚазҰУ грантының бірін Айнұр Тұрсынбаева иеленетінін хабарлады.***

# АЙТЫС АЗАТТЫҚҚА АРНАЛДЫ

Айтыстың ұйымдастырушысы әрі жүргізушісі "Жас ақындар" бірлестігінің төрағасы С.Қалиев қазылар алқасының құрамымен және ақындармен таныстырып өтті. Сайысқа филология ғылымдарының докторы, ақын А.Егеубаев, "Қазақ әдебиеті" газетінің жауапты хатшысы Е.Жаппасұлы, "Жас алаш" газетінің қызметкері Ж.Әшімжан қазылық етіп, нәтижесінде журналистика факультетінің магистранты Ж.Тауышева - бас жүлдені, қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын N2 мектеп-интернаттың ұстазы Назгүл Кәрімова - 1-ші орынды, тарих факультетінің магистранты Төлеген Жаманов - 2-ші орынды, филология факультетінің 2-курс студенті Қанат Тілеуханұлы - 3-ші орынға лайық деп танылды. Сайыстан тыс өнер көрсеткен республикалық айтыстардың жүлдегерлері Айнұр Тұрсынбаева, Бекжан Әшірбаев, Серікзат Дүйсенғазин, Талант ***иеленетінін хабарлады.***

Аталмыш өнер тойын ұйымдастыруға ұйытқы болған университетіміздің Тіл және тәрбие мәселелері жөніндегі проректоры Н.Омашұлының ұжымына, барлық мәдени шаралардың басы-қасында жүретін Студенттер клубының қызметкерлеріне алдағы уақытта да өз орталарын осындай тың бастамалармен қуанта бергей деген тілек-ұсыныс айтамыз.

(Өз тілшімізден)

## Сүйінші!

# Ер есімі ел есінде

Ғылыми кеңестің шешімінің негізінде университет ректорының 2001 жылғы 10-қазандағы N213-ші бұйрығымен Студенттер сарайына ҚазҰУ-де ұзақ жыл жемісті қызмет етіп, ректорлық дәрежеге дейін көтерілген академик **Өмірбек Арсланұлы Жолдасбековтің** есімі берілді.

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, сарабдал басшы бола білген азаматтың рухын асқақтатқан бұл шешімнің тәрбиелік-тәлімдік мәні зор болары анық.

## Өзгеріс

# Заманына қарай амалы

Ғылыми кеңестің шешімінің негізінде университет ректорының 2001 жылғы 25-қыркүйектегі N195-ші бұйрығымен ҚазҰУ жанындағы Экономика және құқық институты таратылып, құрылымдық жағынан дербес заң факультеті, экономика және бизнес факультеті болып қайта құрылды. Сондай-ақ, институт құрамында болып келген "Әлемдік экономика" мамандығы халықаралық қатынастар факультетіне берілді.

Бұл шара заңгер мен экономист мамандықтарын даярлау сапасын арттыру, оқыту технологиясын жақсарту және оны басқару процесін тиімді ету мақсатында жасалып отыр.

**(Өз тілшімізден)**



●Участники круглого стола

■ **НИИЭТФ КазГУ – 10 лет**

# НА ПЕРЕДОВЫХ РУБЕЖАХ ФИЗИЧЕСКОЙ НАУКИ



**С 3 по 5 октября 2001 года в НИИ экспериментальной и теоретической физики КазНУ им. аль-Фараби – первом научно-исследовательском институте при вузе в Казахстане – состоялась 2-ая Международная научная конференция "Современные достижения физики и фундаментальное физическое образование", посвященная 10-летию независимости Республики Казахстан и 10-летию образования НИИЭТФ.**

Представительность данного форума впечатляет: ученые Института ядерной физики НЯЦ РК, Физико-технического института МОиН РК, Института ионосферы, преподаватели и молодые ученые многих вузов Алматы и других городов Республики Казахстан, преподаватели, сотрудники, аспиранты и магистранты физического факультета КазНУ им. аль-Фараби а также ученые ближнего и дальнего зарубежья.

Торжественное открытие конференции состоялось 3 октября в зале заседаний Ученого Совета КазНУ. С приветственной речью к участникам и гостям конференции обратился ректор КазНУ, акад. МАН ВШ, проф. Кожамкулов Т.А. Приветствие и поздравления коллективу НИИЭТФ от Института ядерной физики Национального ядерного центра РК передал директор ИЯФ НЯЦ РК проф. Кадыржанов К.К. Также коллектив НИИЭТФ поздравили декан механико-математического факультета КазНУ им. аль-Фараби, проф. Смагулов Ш.С., директор механико-технологического института Восточно-Казахстанского государственного технического университета, проф. Плотников С.В.

На пленарном заседании с большим интересом были выслушаны доклады декана физического факультета, д.ф.-м.н., проф. А.С. Аскаровой, заведующего отделом физики высоких энергий, чл.-корр. НАН РК, проф., д.ф.-м.н. Э.Г. Босса, зам. генерального директора НЯЦ РК, проф. И.Л. Тажибаевой, начальника энергетического центра ИЯФ НЯЦ РК, д.ф.-м.н. С.К Кожахметова, зам. проректора по научной работе, проф. У.К. Жапбасбаева, заведующего отделом оптики и физики плазмы, чл.-корр. НАН РК, проф. Ф.Б. Баимбетова.

Тематика работы 5 секций охватила наиболее проблемные разделы: физика конденсированных состояний и проблемы материаловедения; физика газа, плазмы и жидкости; физика сильных, слабых и гравитационных взаимодействий; приборы и техника эксперимента; фундаментальное физическое образование и новые технологии обучения в высшей школе. Лучшие доклады будут опубликованы в журнале "Вестник КазНУ, серия физическая".

В рамках конференции был проведен Круглый стол "Казахстан –будущее без ядерного оружия", посвященный обсуждению следующих вопросов:

- Проблемы нераспространения и современный мир
- Экспортный контроль ядерных передач
- Н. Назарбаев "Эпицентр мира"
- Ученые Казахстана и мирное использование ядерной энергии

Эта конференция имела статус события особой научной и социальной значимости в деле распространения передовых идей физики и физического образования, а также в смысле расширения и укрепления взаимосвязей между учеными, посвятившими себя вечно молодой, а потому активно развивающейся науке.

У. КОЗТАЕВА,
секретарь конференции

## Конференция

# Маңызы зор мәслихат

Қыркүйектің 27-28 күндерінде ҚазҰУ-де еліміз тәуелсіздігінің он жылдығына орайластырылып ұйымдастырылған "Қазақстан халықаралық қатынастар жүйесінде" деген тақырыпта халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді.



■Төралқа мүшелері

Осынау конференцияға университетіміздің халықаралық қатынастар факультеті өткен оқу жылының көктемінен бастап дайындалған болатын. Аталмыш бас қосуда көтерілген мәселелердің факультеттің болашақ халықаралық қатынастар мамандарын дайындау үшін құрастырылған оқу жоспарымен толық сәйкес келуінің теориялық және ғылыми тұрғыдан алып қарағанда маңызы зор еді. Себебі, конференциялардың жұмысы нәтижесінде жарық көрген ғылыми мақалалардың жинағы халықаралық қатынастар мамандарын дайындайтын Қазақстан Республикасының оқу орындары үшін ғана емес, сондай-ақ ТМД елдерінің кейбір оқу орындары үшін де құнды дүние болды.

Сонымен, екі күнге созылған конференция жұмысы барысында Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігін алғаннан бергі он жыл ішіндегі халықаралық қатынастар жүйесіндегі орны мен қолы жеткен табыстарына ғылыми деңгейде баға берілді және шешімін күтіп тұрған мәселелердің болашағына шолу жасалынды. Демек, университет деңгейінде бұл бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстары одан ары қажырлықпен жалғаса беретіндігіне толық сенім бар.

М.С.МЫРЗАБЕКОВ,
т.ғ.к., халықаралық қатынастар факультетінің аға оқытушысы.

## Тұлға

# Есте қалар кеш

М.СЕРКЕБАЕВ

Филология факультетінде қыркүйектің 28-інші жұлдызында заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтің туған күніне орай жиын болып өтті. Жиынды студенттердің М.Әуезов атындағы әдеби бірлестігінің жетекшісі ғалым Р.Тұрысбек ашып, "Әуезов және руханият" деген тақырыпта баяндама жасады. Сондай-ақ, ғалым-оқытушылар Ж.Дәдебаев, З.Сейітжанов, Б.Майтанов, Қ.Мәдібай, Т.Бекниязов, Б.Жақыптар қатысып, ұлы жазушы жөнінде түрлі әңгімелер айтып берді. Жиын барысында жастар шығармашылығына кең орын берілді.

## Встречи

**2 октября 2001 года в КазНУ им. аль-Фараби состоялась встреча студентов, преподавателей и сотрудников физического факультета с участниками 17-го Конгресса Ассоциации стран участников космических полетов.**



# Общение на орбитальном уровне

Ассоциация стран участников космических полетов была создана в 1984 году. Первый Конгресс прошел во Франции. С тех пор практически все развитые страны мира были удостоены чести принять у себя выдающихся сынов Земли – космонавтов. И мы гордимся тем, что среди них два представителя нашей страны – Тохтар Аубакиров и Талгат Мусабаев.

Проведение 17-го Конгресса в Казахстане является признанием все более возрастающей роли Казахстана в освоении космического пространства и развитии космических технологий. В последние годы это выражается не только в предоставлении космодрома Байконур для стартов космических аппаратов. Ученые Казахстана все более активно участвуют в разработке и реализации космических исследовательских проектов.

Широко известен вклад Казахского национального университета в развитие космических технологий вузовской науки. Ученые университета начиная с 60-х годов выполняли крупные хоздоговорные работы по заказу организаций ВПК СССР. Созданная в те годы научно-производственная база в настоящее время нашла свое отражение в работе крупных научно-исследовательских лабораторий КазНУ. В свете этого встреча студентов и преподавателей физического факультета с космонавтами символична. Она вылилась в оживленные воспоминания ведущих ученых факультета о проделанной огромной работе.

Гости университета – Талгат Мусабаев (Казахстан), Дж. Лорен (США), Берталан Фаркаш (Венгрия), Сергей Авдеев (Россия) и Александр Лазуткин (Россия) – с удовлетворением отметили общность научных интересов с учеными факультета, перекрещивание событий и имен в ходе беседы еще раз подтвердило необходимость восстановления утерянных контактов и формирования новых совместных научно-исследовательских программ космической направленности, в частности, в направлении развития дистанционного зондирования поверхности земли из космоса.

Кроме того, гостей поразил высокий уровень подготовки наших студентов, особенно отсутствие языкового барьера в общении на английском языке. Что же касается наших студентов, то встреча с выдающимися представителями нашей планеты, которые оказались вполне обычными симпатичными и очень общительными людьми, стала важным событием в жизни и должна явиться дополнительным стимулом для овладения премудростями науки, так тесно связанной с космосом.

Космонавты рассказали о наиболее интересных моментах своей космической деятельности, ответили на многочисленные вопросы присутствующих. Талгат Мусабаев любезно предоставил видеофильм о своем полете в космос. Этот материал войдет в фильм о его работе в космосе "Talgat Musabaev in space", который снимается в Голливуде. Студенты смогли увидеть захватывающие кадры жизни космонавтов на корабле во время длительных космических полетов, увидеть нашу планету из космоса. По окончании встречи гости-космонавты сфотографировались на память с коллективом факультета.

**А.С. ДРОБЫШЕВ, зав. лабораторией, д.ф.-м.н., Ш.Б. БАЙГАНАТОВА, специалист**





# Зұлхайыр Аймұхаметұлы МАНСҰРОВ



Зұлхайыр Аймұхаметұлы Мансұров 1946 жылы 26 маусым күні Талдықорған облысының Сарқант қаласында туған. 1963-1968 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің химия факультетінде тәлім алған. Университетті бітірген соң аталмыш факультетке қызметке шақырылып, 1973 жылы кандидаттық, 1990 жылы докторлық диссертация қорғайды. 1997-2000 жылдары химиялық физика кафедрасының меңгерушісі, 2000 жылы Жану (горения) мәселелері жөніндегі институттың директоры болып қызмет істеді. Үш жыл қатарынан INTAS (Брюссель) Ғылыми Кеңесінің мүшесі болған. 1992 жылы ғылым мен техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. АҚШ Жану институтының мүшесі. Халықаралық жоғары мектептер ғылым академиясының академигі.

1992 жылы Қазақ ұлттық университетінде Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор болып сайланады. Сол тұстары ғылымды басқару мен ұйымдастыру әдіс-тәсілдерінде тиімділігі мен мәні күшті пішіндер таба білді. Мысалы үшін, оның жеке бастамасымен ғылыми-зерттеу институты, ғылыми-технологиялық парк, ғылыми орталықтар пайда болды. Сондай-ақ, тұңғыш рет ҚазҰУ-дің ғылыми жетістіктер көрмесі ұйымдастырылып, онда үздік деп танылған дүниелер Брюссельдегі халықаралық жәрмеңкеде екі күміс медальды иеленді.

Зұлхайыр Аймұхаметұлы АҚШ, Ұлыбритания, ГФР, Италия, Польша, Түркия, Қытай, Бельгия, Тайван елдерінің университеттерінде ғылыми баяндамалар жасап, арнайы дәрістер оқыған. Ағылшын тілінде шығатын Еуразия химия-технологиялық журналының ұйымдастырушысы әрі бас редакторы. “Новости науки Казахстана”, “Поиск-Вестник высшей школы РК”, “ҚазҰУ хабаршысы” (химия сериясы) журналдарының және “Наука Казахстана” (1996-2000), “Материаловедение для электроники и электротехники” (ағылшын тілінде, Оңт.Корея, 2000.) газеттерінің редакция алқасының мүшесі.

**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының 2001 жылғы 10 қазандағы N3-2109 бұйрығымен ҚазҰУ-дің Бірінші проректоры қызметіне тағайындалды.**

# Намазалы Омашұлы ОМАШЕВ



Намазалы Омашұлы 1950 жылдың 19-қаңтарында Жамбыл облысы Меркі ауданының Ойтал ауылында дүниеге келген. 1969 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетіне оқуға түсіп, оны 1974 жылы бітіреді. Еңбек жолын Қазақ радиосында бастаған ол 1977 жылы ҚазҰУ-ге ұстаздық қызметке шақырылады. Содан журналистика факультетінде ассистент, аға оқытушы, доцент қызметтерін атқарды. 1984 жылы Мәскеуде кандидаттық, 1992 жылы докторлық диссертациясын сәтті қорғады. Ал 1993 жылы профессор ғылыми атағын алғаннан кейін радиожурналистика кафедрасының меңгерушісі болды. 1995 жылдан бастап журналистика факультетінің деканы, әрі журналистика мамандығы бойынша республикалық методикалық кеңестің төрағасы. Сол жылы ЮНЕСКО профессоры атанды. 1996 жылдан бастап осы беделді ұйымның Қазақстан мен Орта Азиядағы бұқаралық құралдар және журналистика кафедрасының меңгерушісі.

Намазалы Омашұлы - танымал журналистика теоретигі, өз саласының білгір маманы, журналистиканы ғылым ретінде дамытуға зор үлес қосқан ғалым. Бұл ретте оның он шақты кітап, 200-ден астам ғылыми, публицистикалық мақалалар жазғандығын тілге тиек етсек те жеткілікті.

Әр жылдардағы ғылыми, шығармашылық үздік туындылары үшін Н.Омашұлы “Білім және еңбек” журналы сыйлығының (1981), Қазақстан журналистер Одағы сыйлығының (1989) лауреаты атанды.

Профессор Н.Омашұлының ғылыми-зерттеу еңбектері 20-дан астам халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық конференцияларда сыннан өтті. Атап айтсақ, Мәскеуде, Лас-Вегас (АҚШ), Монреал (Канада), Париж (Франция), Алматыда, Астанада, Таразда өткен конференцияларда жасаған баяндамалары лайықты бағасын алды.

2001 жылы Кембридж Халықаралық биографиялық орталығының “Жыл адамы” атағы берілді.

**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының 2001 жылғы 10 қазандағы N3-2111 бұйрығымен ҚазҰУ-дің Тіл және тәрбие мәселелері жөніндегі проректоры қызметіне тағайындалды.**

# Жанғара Дәдебайұлы ДӘДЕБАЕВ



Жанғара Дәдебайұлы Дәдебаев 1948 жылы 15-қарашада Жамбыл облысы Талас ауданы Карл Маркс селосында дүниеге келген. Филология ғылымдарының докторы (1992), профессор (1996). Қазақстан Республикасы Жоғары мектеп ғылым академиясының мүше-корреспонденті (1996), КСРО, Қазақстан Жазушылар Одақтарының мүшесі (1990).

Қысқаша еңбек жолы: 1969 жылы Тараз қаласындағы Абай атындағы педагогикалық училищені бітірді. 1968-1970 - қазақ орта мектебінің мұғалімі. 1970-1975 - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті. 1975-1977 - Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қызметкері. 1977-1990 - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ассистенті, аспиранты, аға оқытушысы, доценті, аға ғылыми қызметкері. 1980 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы педагогикалық шеберлік арттыру институтын бітірді. 1985 жылы Москва мемлекеттік университеті жанындағы оқытушылардың біліктілігін арттыру факультетін “Әдебиет теориясы” мамандығы бойынша бітірді. 1990-1991 - Ы.Алтынсарин атындағы Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтының (қазіргі Ы.Алтынсарин атындағы Білім академиясы) директоры. 1991-2000 - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің доценті, профессоры, деканы. 2000 жылдың қазанынан 2001 жылдың қазанына дейін - қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі.

Марапатталуы: “Қазақ әдебиеті” газеті сыйлығының лауреаты (1987). Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарының халықаралық конкурсының жеңімпазы. Алматы қаласы әкімінің құрмет грамотасы (1996). Білім және ғылым министрлігінің Грамотасы (1996). Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі (1998).

**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының 2001 жылғы 10 қазандағы N3-2110 бұйрығымен ҚазҰУ-дің Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі проректоры қызметіне тағайындалды.**

# Анатолий Иванович КУПЧИШИН



Анатолий Иванович Купчишин 1945 жылы 10-қазанда Украинаның Винниц облысы Мураф-Шаргород ауданы Слобода ауылында дүниеге келген. 1962-1967 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің физика факультетін үздік бітіріп, ядролық физика кафедрасының аспиранты (1967-1971ж.ж.) болып қалдырылып, ғылыммен айналысады. 1973 жылы кандидаттық, 1964 жылы докторлық диссертациясын қорғайды. 1978-1985 ж.ж. аға лаборант, лаборатория меңгерушісі, деканның орынбасары, ҚазҰУ кәсіподақ комитеті төрағасының бірінші орынбасары секілді қызмет сатыларынан өтеді. 1985-2001 ж.ж. Абай атындағы АлМУ-дің проректоры. 1996 жылғы ҚР ҰҒА-ның Қазақстан халық шаруашылығындағы өзекті мәселелер жөніндегі байқау қорытындысында (проф. Ю.П.Ереминмен бірге) бірінші сыйлықты иеленді. Халықаралық жоғары мектептер Ғылым Академиясының толық мүшесі, академигі (1995 ж.). ҚР Оқу ағарту ісінің үздігі. Бірнеше халықаралық журналдардың редакция алқасының мүшесі.

Анатолий Иванович белгілі спортшы, Қазақстандағы жазғы студенттер ойындарының, Түркістан әскери өлкесінің жеңімпазы, Қиыр Шығыс және Сібір, Орал, Қазақстан, Орталық Азияда өткізілген университет аралық жарыстардың бірнеше дүркін жүлдегері.

А.И.Купчишин - ақын, арнаулы музыкалық білімі бар, бард. Оның өлеңдер мен әндерінен құралған 12 ғылыми-поэтикалық жинағы жарық көрген.

**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының 2001 жылғы 10 қазандағы N3-2112 бұйрығымен ҚазҰУ-дің Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры қызметіне тағайындалды.**

# Серікбол Тілеулесұлы ШАЛҒЫМБАЕВ

Серікбол Тілеулесұлы Шалғымбаев 1953 жылдың 26-тамызында Алматы облысының Лепсі бекетінде дүниеге келген. 1976 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің химия факультетін бітірген соң талдамалы химия кафедрасында ізденуші, инженер, аға инженер, тәжірибе-сараптау орталығының сектор меңгерушісі секілді қызметтер істейді.

1984 жылы “Электрлі химия” мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғайды.

1989 жылдан Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінде Ғылыми-зерттеу басқармасының бас сараптаушысы, Жоғары оқу орыны және ғылым басқармасының бас маманы, іс жүргізу басқармасының бастығы, талдамалы және мамандармен қамтамасыз ету басқармасының бастығы секілді қызметтерді атқарады. 1993-1997 жылдары Ш.Шаяхметов, Е.Мәмбетқазиев, М.Жұрынов секілді білім министрлерінің тұсында министрдің көмекшісі болып қызмет істейді. 1997 жылдың қыркүйегінен Ы.Алтынсарин атындағы білім жетілдіру институты директорының орынбасары, сол жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Білім комитетінде ұйым мүшесі, үйлестіру және тексеру бөлімінің бастығы болып қайтадан сайланады.

1999 жылдан Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Алматыдағы бөлімінің директоры болып қызмет істеді.

**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының 2001 жылғы 10 қазандағы N3-2154 бұйрығымен ҚазҰУ-дің Жалпы және өндірістік-шаруашылық мәселелер жөніндегі проректоры қызметіне тағайындалды.**



Іске сәт!

Т.Ә. Қожатқұлов



Тамызық

# БІРАЗ СӨЗ

**Мағжан – қазақ сөз өнерін тар асудан, тайғақ қиядан өткізген қайталанбас айрықша тұлға. Мағжан – қазақ ұлтының ғана емес, өзінің тұсында алты алаштың, қала берді, түрк нәсілді бүтін қалың жұрттың поэзиясына өзгеше жаңалық әкелген ұлы ақын.**

## МАҒЖАН ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ ЖАЙЫНАН

Нұржан ҚУАНТАЙҰЛЫ

Көзі тірісінде ақынның үш қана өлеңдер жинағы шыққан еді. Ақталғаннан бергі уақыт ішінде үш поэзиялық кітабы, кейінірек толық болып есептелетін үш томдық шығармалар жинағы да жарық көріпті.

Біздің мақаламыздың мақсаты – Мағжанның осы үш томдыққа енген кейбір өлеңдерінің текстологиясы жайынан аз ғана сөз айту еді. Оның ішінде де тек Ташкентте шығып тұрған "Ақ жол" газетінде 1923-1925 жылдар аралығында басылып, түпнұсқа болып есептелетін кейбір өлеңдерінің кейін қата оқылып, бұрмаланып кеткеніне көз жеткізгесін, бірді-екілі түзету келтірмекпіз.

Бұл ретте біз сол "Ақ жолдан" алынып, үш томдығына (І-том, "Білім" баспасы, 1995 жыл) енген мәтіндермен салыстырдық.

Әуелі "Әже" деген өлеңді алайық (191-бетте). Бірінші шумақтың 6-жолы: "Көрінбес беті қылшықтан" емес, сол "Ақ жол" газетінде "Білінбес беті қылшықтан" деп анық жазылған; "Тыйылып біраз шолжақтан" емес, "Тыйылып біраз шолжықтан"; "Ұмытып әжем кетеді" емес, "Ұмытып әжең кетеді"; "Тоқтайды сонда жөтелі" емес, "Тоқтай қалад жөтелі"; "Ал кірісе ертекке" емес, "Ал кірісті ертекке";

"Жылқышы" өлеңінің (193-б) тоғызыншы шумағындағы 2-жол "Есі кетіп жығылып" емес, "Есі кетіп шешініп";

"Жердің жұмырлығы" атты өлеңді алайық (198-б). "Мынаны қалай жұптейміз" емес, "Мынанды қалай жұптейміз"; "Құласаң құлап жатасың!" емес, "Құласаң, құлап жатарсың!"; Мұнымен қатар осы өлеңге жөнсіз "түзету" де жасалыпты: 3-інші, 4-інші шумақтардың үйлесімді жолдары қисынсыз тармақтарға бөлінген, жинақты құрастырушы – екі адамның сөзін диалог түрінде бергісі келген, бірақ соның кесірінен өлеңнің логикалық мағынасы бұзылған. Қараптан-қарап отырып түпнұсқадан ауытқыған.

Түпнұсқадағы диалог былай:

Домалай ма, домалайд!
Құламай ма, құламайд!
Бұл осымен болды ма?...
Тоқтат мынау шіркінді!
Басы жұмыр пенде енді
Жерді де жұмыр қылды ма?

– Жоқ, ата! Жағырафия...
Міне, сізге тақия...
Сенбеуіңіз жарамайд.
Домалай ма, домалайд!
Құламай ма, құламайд!
Тап осылай домалайд!

"Алатауда" атты циклды жырдың 3-інші өлеңінің тақырыбы




"Қоқи мен қартоз" емес, "Қоқи қартоз"; Және ең бастысы – осы циклдің "Тоқпақ пен соқпақ" деген өлеңі, неге екені белгісіз, кітапқа енбей қалыпты. Ол өлең мынау:

Қоқилап; қырғыз, кезесің
Алматы, Пішпек, Тоқпағың.
Сіміріп сарттың көжесін,
Солбырап, қырғыз, кезесің.
Кетіпті өшіп, шөп өсіп,
Жортатын таңда соқпағың!
Қоқилап, қырғыз, кезесің,
Таптап па ең Тоқпақ тоқпағын?

Бұл бір ғана кемшіліктер.

Сөз соңындағы күрмеуіміз мынадай: Мағжан шығармалары түпнұсқамен салыстырылып, текстологиясы арнайы тексерілуі керек.

Ойтүрткі

## "Қоқыс" кітаптардан қалай құтыламыз?

Кәмшат САТИЕВА

**Кітап - рухани қазына. Қоғамның айнасы. Ал, қазір сол кітап басылымы қалай жарық көруде?**

Қазір елімізде баспа көп, кітап дүкендері де жоқ емес. Бірақ, саны көп баспадан жарыққа шығып жатқан басылым сапасы қандай және нендей мақсатпен шығуда - оны саралап отырған жан бар ма? Кітап таралымы елімізге тарап кеткеннен кейін байбалам салып нәтижесіз құр сын айтқаннан не пайда?

Ғалым Ахмедов өзінің бір сөзінде: "Бұл күнде кітап аз тиражбен шығады, бағасы да удай. Оның үстіне бұрынғыдай бақылау жоқ, содан болар, "қоқыс" кітаптар да қаптап барады. Ақшасын төлесең болғаны, қай баспа да қолжазбаның мазмұнына қарамайды, басып береді. "Қоқыс" кітаптар көбейе берсе - әдебиетімізге сын" - деген еді. Шынымен де ағамыздың сөзінің жаны бар. Мәселен, салалық басылымдарды айтпағанның өзінде, қазақтың классикасы - Абай іліміне байланысты Д.Омаровтың "Абайтануга кіріспе" (1998) кітабында Ұлы ақынның философиялық ой талғамдарын кришня ілімімен сәйкестендіріп дәлелденген бұл аталым қазір қанша жастың зердесін улауда екен? Әдебиетімізге сын демекші, бұл дегеніңіз Абай ілімін қорлау, өзімізді өзіміз мазақ ету емей немене!

Бүгінде заң, экономика, т.б. салаларда сөздіктер дүниеге келіп жатыр. Оны саралап айтып жатудың да қажеті жоқ. Өзіңіз-ақ аударmаға көңіл бөліп, көз жүгіртсеңіз езуіңізге күлкі үйірілері хақ. Сондай қарабайыр дүние. Әрине, осындай қарабайыр аудармадан түкке түсінбей, орысша түпнұсқасына жүгінетініміз де сондықтан болар.

Осы көтерілген мәселелерге тереңірек ой тастап қарасаңыз еліміздегі кітап саласын ретке келтіруші жүйенің баяу дамуда екендігін байқайсыз. Қазақстанда кітап саласын ретке келтірумен айналысатын кітаптану ғылымы бар болғанымен, ол әлі жас ғылым. Кітаптану ғылымының алғашқы мамандары ҚазҰУ-дің журналистика факультеті жанындағы "Баспа ісі және әдеби өңдеу" кафедрасында дайындалуда. Бұл кафедраның да құрылғанына 3-4 жыл көлемі болып қалды. Аз уақыт болса да, кафедра мамандар' даярлауда тәжірибесін шыңдауда. Жоғарыда аталып өткен мәселелер толғағына аталмыш кафедра студенттері ойлана келе "Кітапқұмарлар" ұйымын ашу туралы пікірлерін ортаға салмақ. Бастаманың алғашқы жүгін көтеріп, ұйым құру кафедра мамандары мен студенттерінің міндеті болса, оның республикалық қоғамдық сипат алуы басшылықтағы зиялық аға-апаларымыздың қолында. Иә, кітаптану ғылымы өркендемей - әдебиет, тіл төңірегіндегі мәселелер актуальдығын жоймайды.

Қарбалас сәт

## Замана лебі

Адам санасында талай нәрсенің тартысы болып жатады. Оның сыртқа шығатын сәттері болады. Өз ойың екінші бір адамның ойымен сәйкес келіп жатса, оны өзіңді құптағандай көресің.

Бану ӘДІЛЖАНОВА

Әркімнің көңілінде бір мәселе басымырақ жүреді. Мені күрделі өмірде қоңсы қабат ниет пен жыртық жамау жаман лашығын арқалап ап, табан тірер орын таппай сергелдеңге түскен жастар көп ойлантады. Бүгінде замандастарымыздың мақсаты түбегейлі білім алу емес, бірер күндік тұздәмін табу. Қандай жолмен болса да. Бәрі өмір сүрудің қамы екені рас. Алаңдататыны - болашаққа борышты болуды місе тұтпайтындығымыз. Жастардың пиғылына қырын кетіп тұрған заманның әсері зор. Қызыл дипломын қолына алып, Абайдың "Болмасаң да ұқсап бақ..." деген қанатты сөзін құлдырандаған құр ат қып мініп қыр аса алмай жүрген алдыңғы толқынның мүшкіл халін көргенде амалсыз кібіртіктеп, көл-көсір көңіліне кірбің ұялатасың. "Қысқа жіп күрмеуге келмейді" дегендей, қитұрқы тірлікпен тіресіп жүріп алған білімінің құны төрт жыл бойы бар көрген, білгеніңмен емес, қалтаңдағы көк қағаздың қалың-жұқалығымен өлшенген соң не шара?

Ең ауыры адам санасына әсер ету. Жастарда ой-өрісіндегі жарға жықпас сенімнен гөрі, базардағы қара бақырдың сылдырына деген үміт мол.

Бұл ащы да болса ақиқат жайт. Мені бүгінгі студент, ертеңгі маман иесі ретінде мазалайтыны да осы. Келеңсіз қоғамның жастар санасына, тәрбиесіне, түптеп келгенде, олардың арманы мен сеніміне тигізер ықпалы. Болашаққа нық қадам басу үшін қоғамның міндеті алдымен адамдыққа, содан кейін мамандыққа тәрбиелеу. Бұл ауыр іс. Бірақ қажет, тіпті қасиетті міндет.

Руханият

## Топырағыңнан жерісең тамырсыз қаларсың



Сәндібек ЖАНИҰЛЫ, газет тілшісі

**Өмірдің қарама-қайшылыққа толы екені рас. Тарығуды ала келгендей болып көрінген нарық заманына үйренісе алмағандар кеңестік жүйенің кеңдігін айтып мұң шақты. Бір себептен онысын кіналауға болмайтын, өйткені олар сол кезеңнің төл баласы еді. Тарих қайта қаралып, кейінгі ұрпақ ол кездің олқылықтарымен таныса бастады.**

Ана тіліне армансыз шабуыл жасалып, ата рухына құлдық қамыт кигізіліпті. Енді болмағанда бүтіндей бір ұлт құрдымға кетіп, жер бетінен із-түзсіз жоғалғандай екен. Ақиқатты алғаш естігенде аңтарылып қалсақ та, іле-шала ес жиып, бар-жоғымызды түгендеуге кірістік. Осынау ақиқатпен бірге ере келген жаңалықтар легі де күн санап арта түсіп, бірте-бірте өмір өзгерістеріне де етіміз үйренді. Сол өзгерістердің бірі тоқсан бірдің қысында басқа қонған Тәуелсіздіктің бақ құсын суыққа тоңдырмауға тырысып аялап баққалы бері де, мінекей, он жыл уақыт өтіпті. Өзгелерді қайдам, осы он жылдың қазақ ұлтына тигізген шарапаты елеулі. Ең бастысы, жеке адам ретіндегі "тәуелсіздігіне" сенімі беки түсіп, көңілі қалағанына қол жеткізіп, ойлағанын орындау жолында кедергі азайды.

Кез келген халықтың, елдің, ұлттың ертеңгі жарқын болашағының үкілі үміті - бүгінгі жастары екендігі белгілі. Осы тұрғыда еркіндігі өз қолында тұрған қазақ ұлтының жастарының бойынан көңіл қуантарлық қандай жақсылықтар нышаны байқалады. Сонымен бірге кемістіктеріміз қандай дәрежеде. Осыларды бағамдап қарап, желп етіп қуана кетпей жіті көз жүгіртсек, елеулі мүмкіншіліктің толық жүзеге асып жатпағанын көреміз. Халық шаруашылығының әр түрлі салалары, соның ішінде өндіріс, өнеркәсіп орындары ұлттық кадрлардың тапшылығын сезінуде.

Кейбір жоғары оқу орындары инженер-технологтар, басқа да техникалық мамандар даярлайтын қазақша бөлімдер ашайын десе, ертеңгі күні оған түсетін талапкерлер табыларына сенімсіз. Біріншіден, ұлттық нәрді бойына мықтап сіңірген ауыл баласының мұндай мамандықты қалауы сирек. Себебі, мектеп қабырғасында жүрген кезінде ол кәсіптің қыр-сыры құлағына сіңіріліп, көзін қанықтырмаған. Сондықтан да олар көбіне көп шеше айтып, әке жетелеген "ақша табатын" оқу орны бөлімдерін жағалауға құштар.

**Білім ұялары қанша жерден гимназия, лицей, колледж, академия деп аттарын өзгерткенімен, әңгіме басында тілге тиек етілген кеңестік жүйедегі бір артықшылық - кітапқа деген құштарлықтың, жас баланың айналасындағы қалталы әлдекімге емес, оқыған кітабындағы унамды кейіпкерлерге еліктеп өсетін арманшыл қалпының орнын қалай толтырарын білмейді.**

Ал жетектеп қосқан тазының түлкі алмасын ата қазақ әлдеқашан айтып кеткен. Сондай-ақ, бүгінде туған тілін менсінбей өскен жастардың қатары селдірер емес. Мектеп қабырғасындағы компьютердің құлағында ойнап өсіп келе жатқан тәуелсіздік құрдастарының арасынан ертең қанша өмірлік кітапқұмар шығарын ешкім де тап басып айта алмайды. Білім ұялары қанша жерден гимназия, лицей, колледж, академия деп аттарын өзгерткенімен, әңгіме басында тілге тиек етілген кеңестік жүйедегі бір артықшылық - кітапқа деген құштарлықтың, жас баланың айналасындағы қалталы әлдекімге емес, оқыған кітабындағы ұнамды кейіпкерлерге еліктеп өсетін арманшыл қалпының орнын қалай толтырарын білмейді. "Айшылық алыс жерлерден, жылдам хабар алғызған" техника құдіреті ой еркіндігінің жалғыз кепілі - кітаптан жерітсе ертеңгі күніміз қалай құбылмақ. Бір күндері арамызда техникалық тездікті түгел игерген, бірақ ұлттық түгілі адами қасиеттерден жұрдай, тек қана басқарылып отыратын "адам-компьютер" деген атау таңылған жаңа бір гибрид дүниеге келсе... Қайтпекпіз. Сол себептен де ғылым жетістіктерін игеруді, жаңа заманға бейімделуді тамырыңнан ажырамай жүзеге асырғанда ғана мәнді, мағыналы болмағы хақ.





Спорт

**После того, как 5 и 6 октября были сыграны очередные матчи в Европе, стали известны 9 команд, которые примут участие в предстоящем чемпионате мира. Это сборные России, Португалии, Дании, Швеции, Польши, Хорватии, Испании, Италии и Англии. Еще 8 команд проведут стыковые игры. Словения сыграет с Румынией, Украина с Германией, Бельгия с Чехией, а Турция сыграет либо со сборной Австрии, либо с Израилем. Команде Ирландии будет противостоять третья азиатская сборная.**



# КТО ПОЕДЕТ НА ЧЕМПИОНАТ?

Даурен АСКАРОВ

Что же касается других континентов, то там дела обстоят так. В Азии первой сборной, после Японии и Кореи, которая сыграет на чемпионате стала сборная Китая. Однако югославский тренер сборной Бора Милутинович, который приложил максимум усилий для достижения этой цели, снят со своего поста. Причина в том, что истек его контракт с ФАК. Теперь ФАК занят поиском нового тренера, и наиболее высокие шансы имеет Шен Сянгфу, который вывел молодежную сборную Китая во второй этап чемпионата мира-2001 в Аргентине.

Другие же сборные ведут отчаянную борьбу за право участвовать на чемпионате. В группе А, где играют сборные Саудовской Аравии, Ирана, Ирака, Бахрейна и Таиланда, наиболее высокие шансы имеют первые две сборные. У саудитов - 14 очков, у Ирана -12, но игра в запасе. В группе В, кроме нашего соседа - Узбекистана, играют сборные Китая, ОАЭ, Катара и Омана. Так как первое место уже занято Китаем, то вся борьба идет за второе место. ОАЭ, Катар и Узбекистан имеют равные возможности. Однако, по-моему, Азия на чемпионате будет представлена только четырьмя командами, так как трудно поверить в то, что ирландцы оступятся в матчах с третьей азиатской командой.

В Латинской Америке уже давно известна сборная, которая точно сыграет на предстоящем чемпионате. Это сборная Аргентины. Сборные, занявшие 2-4 места, также попадут на чемпионат напрямую, а вот сборной, которая станет пятой, придется сыграть стыковые матчи со сборной Австралии. После матчей, которые прошли 5 октября положение таково: Аргентина - 39 очков, Парагвай - 30, Эквадор - 29, Бразилия - 27, Уругвай - 25, Колумбия - 21, Перу - 15, Боливия - 14, Венесуэла - 13, Чили - 11. Командам осталось провести по два матча (7 и 14 ноября). Сенсацию преподнесла сборная Венесуэлы, победившая в третьем матче подряд. Это при том, что за 35 лет предыдущего участия венесуэльцы побеждали лишь дважды. Также следует отметить сборную Эквадора, которая пока имеет неплохие шансы попасть на чемпионат.

В зоне КОНКАКАФ стали известны две сборные, которые примут участие в чемпионате мира. Это Коста-Рика и США. За третью путевку борются мексиканцы и сборная Гондураса, у которых пока равное количество очков. Поэтому все решится в их очном споре 11 ноября.

Но главным претендентом на победу остается сборная Франции. Так как французы были освобождены от участия в отборочном цикле (потому что они выиграли предыдущий чемпионат), то Роже Лемерр наигрывает состав в товарищеских матчах. 19 апреля интересно будет посмотреть на противостояние сборной Франции и России. Смогут ли чемпионы отомстить за последнее поражение или же частично-обновленная сборная Россия вновь обыграет французов, покажет время. Остается также пожелать удачи сборным Украины и Узбекистана, которые имеют шансы на попадание на чемпионат мира.

И напоследок конкурс. Вы должны ответить на 7 вопросов и тот, кто на все ответит правильно, получит приз - брелок. Ответы принимаются до 9 ноября.

1. Какая команда стала чемпионом Олимпийских Игр 1972 года?
2. В какой стране был проведен первый чемпионат мира?
3. Кто стал лучшим бомбардиром чемпионата мира 1990 года?
4. Какой футболист участвовал в пяти чемпионатах мира?
5. Какой клуб выиграл в 1975 году межконтинентальный кубок?
6. В каком году Лев Яшин был признан лучшим футболистом Европы?
7. Кто сейчас является тренером итальянской "Фиорентины"?

Желаю удачи!



Жарыс жеңімпаздары

# Журналистер жарысы



**Қазан айының 13-күні университеттің спорт кешенінде журналистика факультетінің оқытушылар және студенттер ұжымының қатысуымен шағын спартакиада болып өтті.**

Нәтижесінде столдағы теннистен факультет деканы Б.Жақып 1-орынды, кафедра меңгерушісі А.Бейсенқұлов шахматтан 1-орынды, оқытушы К.Хамзин 2-орынды иеленді. Волейболдан сайыста К.Демина, К.Горенова, И.Роғожина, А.Адамбаева, С.Ыстықбаева, Н.Подкорытова секілді студенттер ерекше көзге түсті. Студенттер мен оқытушылар арасында өткен мини-футболдан сайыста студенттер құрамы жеңіске жетті. Бұл сайыста оқытушылардан Қ.Сақ, Г.Төлегенов, Б.Әшірбаев, студенттерден М.Комаровский, Р.Лопатенко, Н.Бейсебаев, А.Жарков айрықша техникалық ойындарымен даралана білді. Осынау "Денсаулық күні" спартакиадасын ұйымдастыруға К.Мадиев, А.Арещенко, Л.Зиновьева секілді спорт кешенінің қызметкерлері үлкен көмек көрсетті.

Международные контакты

**Известное выражение "Change is here to stay", или "Перемены пришли сюда навсегда", наиболее точно отражает те величайшие изменения, преимущества и блага, которые вносит ИНТЕРНЕТ во все сферы жизни человека и, конечно, в развитие образования, науки и культуры! Именно в этом аспекте рассматривалось применение ИНТЕРНЕТ-технологий на Всероссийской научной конференции "Научный сервис в сети ИНТЕРНЕТ", которая проходила с 24 по 29 сентября 2001 года в г. Новороссийске.**



**Т.Л. ТАЖИБАЕВА, доцент, участник конференции**

# БЕЗ-"ГРАНИЧНОЕ" ПРОСТРАНСТВО НАУКИ

Конференция была организована Московским государственным университетом им. М.В. Ломоносова совместно с Ростовским государственным университетом при поддержке Российского фонда фундаментальных исследований, издательского дома "Открытые системы" и Информационно-аналитического центра Parallel.ru.

Конференция переросла статус Всероссийской и по праву могла называться международной, поскольку объединила 132 участника из 6 стран: Австрия, Англия, Россия, Казахстан, Молдова и Украина. Россия была представлена учеными и специалистами из 38 городов и крупных научных центров. Участники конференции – это программисты-системщики, разработчики прикладных компьютерных программ для конкретных отраслей наук, специалисты в области наладки и установки сетевых коммуникаций, Веб-мастера, руководители и специалисты недавно организованных в России Центров новых информационных технологий и компьютерного обеспечения, представители РФФИ и ведомственных министерств, ученые НИИ и преподаватели высших учебных заведений, исполнители проектов и программ по интеграции науки и образования, организаторы дистанционного образования. Для участия в этом форуме сотрудниками отдела информационного обеспечения и международных программ НИЧ КазНУ им. аль-Фараби был подготовлен доклад на тему: **"Научные ИНТЕРНЕТ-ресурсы КазНУ им. аль-Фараби"** (авторы Т.Л. Тажибаева, М. Утенова и А. Мынбаева). Начальник отдела информационного обеспечения и международных программ, доц. Т.Л. Тажибаева получила проездной грант Фонда Сорос-Казахстан и выступила на пленарном заседании конференции. Это был единственный доклад из Казахстана и Центрально-Азиатских республик. Он вызвал живой интерес аудитории и позволил познакомить с тенденциями становления и формирования научно-образовательного ИНТЕРНЕТ- пространства Казахстана, обозначить наиболее популярные и часто посещаемые сайты по науке и образованию в республике, к числу которых относится сайт Фонда Сорос-Казахстан www.soros.kz, сайт поддержки образования www.bilim.kz,сайт Казахского Национального университета www.kazsu.kz и другие. Докладчик поделилась опытом организации системного поиска оперативной научно-образовательной информации в ИНТЕРНЕТ по конференциям в странах СНГ и дальнего зарубежья, обеспечения международного сотрудничества и разработки совместных проектов, уникальным опытом нашего университета по изданию "Информационного бюллетеня" и представлению его Веб-версии, а также по распространению научно-технической и патентной информации по каналам корпоративной ИНТРАНЕТ-системы КазНУ и т.д.

Круг обсуждаемых на конференции вопросов был чрезвычайно актуален для решения глобальных задач человечества в 21 веке по достижению информационного единства и построению Открытого общества без границ.

С опубликованными материалами конференции можно ознакомиться в отделе информационного обеспечения и международных программ университета.

Баспасөз-2002 Баспасөз-2002 Баспасөз-2002




БАСПАСӨЗ-2002

Құрметті оқырман!

Өздеріңізге белгілі, биылғы жылғы газет-журналдарға жазылу науқаны басталып та кетті. Солардың арасындағы сүйікті басылымдарыңыз "Қазақ униveristеті" газетіне жазылуды да ұмытып кетпесеңіздер екен.

Газеттің индексі 65989.

Бір жылға жазылу бағасы - 521 теңге 76 тиын.

Газетке жазылу еліміздің кез-келген нүктесіндегі байланыс бөлімшесінде жүзеге асырылады.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

*Бас редактор* - **Бекжан Әшірбаев;**
*Бас редактордың орынбасары*- **Нәйлә Садықова;**
*Жауапты хатшы*- **Дариға Амангельдиева;**
*Теруші*- **Айтгүл Бабасова;**
*Көркемдеуші-беттеуші* - **Айдын Әбдібекұлы;**
*Фототілші* - **Арман Сәрсенбиев;**
*Нөмірдің кезекші редакторы*- **Сәндібек Жұбаниязов.**

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Н. ОМАШҰЛЫ - *проректор;*
Ж.ДӘДЕБАЕВ - *проректор;*
Е.Ж. ӘБІЛҚАЙЫРОВА - *ғылыми кітапхана директоры;*
А. ЕЛІБАЕВА - *студенттердің "Сұңқар" кәсіподақ ұйымының төрайымы;*
Б.Ө. ЖАҚЫП - *декан;*
Ш. ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ - *кафедра меңгерушісі;*

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

**480078, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 10-қабат, 1000 бөлме**

*Нөмір Ауыл шаруашылығы министірлігінің баспасында 22.10.2001 ж. басылды*

Бағасы келісім бойынша
Таралымы- 1000 дана
Көлемі 2 б.т.
Индексі 65989
№ тапсырыс

**Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді**